



Бухгалтерлік баланс

Лекция 3

Қарастырылатын сұрақтар:

- Бухгалтерлік баланс түсінігі
- Баланс құрлымы мен құрамы.
- Бухгалтерлік баланстың түрлері
- Шаруашылық іс-әрекеттер әсерінен болатын бухгалтерлік баланстағы өзгерістер

1 Бухгалтерлік баланс түсінігі

Бухгалтерлік баланс шаруашылық құралдары мен олардың құралу көздерін белгілі бір мерзімге ақшалай өлшемде топтастыруды білдіреді.

«БАЛАНС» термині латын сөздерінен bis – екі рет және lanx-таразы табағы дегенді, яғни тепе-теңдік деген ұғымды білдіреді.

Бухгалтерлік баланс дегеніміз шаруашылық субъектілері мүлкін құрамы мен орналастыруы бойынша және оның көздерін құрылу формалары мен мақсатты міндеті бойынша ақшалай бағамен белгілі мезгілге топтастыратын екі жақты баланс кестесі.

Бухгалтерлік баланс кестесі екі жақты кесте болып табылады және екі бөлімнен: АКТИВ және ПАССИВ-тен тұрады.



- Актив латынның «*aktivus*» - hareketшіл, үнемі өзгерісте және қозғалыста деген сөзінен, ал пассив «*passivus*» - hareketсіз, активке қарама-қарсы деген сөзінен шыққан. Активте шаруашылық құралдарының құрамы мен орналасуы көрсетіледі, ал пассивте бұл құралдардың пайда болу көздері көрсетіледі. Актив пен пассив өзара тең болады, өйткені кәсіпорын құралдарының жалпы мөлшері әрқашанда олардың көздерінің жалпы мөлшеріне тең болады. Бухгалтерлік баланс қаржылық есеп берудің ең бірінші нысаны болып табылады.
- Актив пен пассив жекелеген баптардан құралады.
- *Баланс бабы* дегеніміз шаруашылық құралдары немесе олардың көздерінің жекелеген аттары. Бухгалтерлік балансты жасаған кезде баптар топқа, топтар бөлімдерге бірігеді.
- Баланс активінде орналасқан баптар *активті*, ал пассивінде орналасқандары *пассивті* деп аталады. Активтік баптар барлық материалдық құндылықтарды, ақша ресурстарын, берешектерді, ал пассивтік баптар меншікті капиталды, кәсіпорынның қарыздарын көрсетеді.
- Баланс активі мен пассивінің жиыны (қорытындысы) *баланс валютасы* деп аталады. Баптарды бөлімдерге топтастыру экономикалық белгілері бойынша жүргізіледі.

2 Бухгалтерлік баланс құрамы



Бухгалтерлік баланс құрылымы

БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНС

АКТИВ	ПАССИВ
I. Қысқа мерзімді активтер	I. Қысқа мерзімді міндеттемелер
II. Ұзақ мерзімді активтер	II. Ұзақ мерзімді міндеттемелер
	III. Капитал және резервтер

Активтің бөлімі

• қысқа мерзімді активтер –

- ақша қаражаты
- ағымдағы қаржылық инвестициялар
- ағымдағы дебиторлық берешек
- қорлар
- басқадай қысқа мерзімді активтер

• Ұзақ мерзімді активтер –

- ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар
- ұзақ мерзімді дебиторлық берешек
- негізгі құралдар
- биологиялық активтер
- материалды емес активтер
- басқада ұзақ мерзімді активтер

Пассивтің бөлімі

Қысқа мерзімді міндеттемелер –


- қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер
- салықтар бойынша міндеттемелер
- қысқа мерзімді кредиторлық берешек
- басқадай қысқа мерзімді міндеттемелер

Ұзақ мерзімді міндеттемелер –

- ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер
- ұзақ мерзімді кредиторлық берешек
- басқадай ұзақ мерзімді міндеттемелер

Капитал –

- жарғылық капитал
- резервтер
- бөлінбеген табыс немесе зиян
- қорытынды табыс

- 
- Ұзақ мерзімді міндеттемелер –
 - ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер
 - ұзақ мерзімді кредиторлық берешек
 - басқадай ұзақ мерзімді міндеттемелер
 - Капитал –
 - жарғылық капитал
 - резервтер
 - бөлінбеген табыс немесе зиян
 - қорытынды табыс

- Баланс валютасына байланысты барлық баланстар мынадай түрлерге бөлінеді:
- **Баланс - брутто (таза емес)** – бұл баланста активтік баптар актив жағында, ал пассивтік баптар пассив жағында тұрады, яғни реттеуші баптардан тұратын баланс. Реттеуші баптарға негізгі құралдардың тозуы, материалдық емес активтердің амортизациясы жатады.
- **Баланс - нетто (таза)** – бұл баланста реттеуші актив баптар пассив жағында, ал пассивтік реттеуші баптар актив жағында минуспен тұрады, яғни реттеуші баптар алынып тасталған баланс.
- **Бастапқы баланс** – есепті кезеңнің бірінші күніне құрылған баланс.
- **Соңғы баланс** – есепті кезеңнің соңғы күніне құрылған баланс.
- **Бөлу балансы** – бір кәсіпорын бірнеше дербес құрылымдық бөлімшелерге бөлінген кезде жасалатын баланс.
- **Жойылу балансы** – шаруашылық субъектісі жойылған кезде құрылған баланс.
- **Ішкі баланс** – кәсіпорынның қызметін қаржылық талдау, жоспарлау, басқару және бақылау жасау үшін қолданылатын баланс.
- **Сыртқы баланс** – сыртқы пайдаланушылар үшін жасалатын баланс.
- **Арнайы баланс** – арнайы пайдаланушыларға арналған баланс, мысалы, инвесторлар. Оның мақсаты болып баланстың белгілі бір бөлімін неғұрлым анығырақ ашу табылады.

Қорытынды

- Сонымен, қорыта айтқанда, бухгалтерлік баланстың алатын маңызы зор. Өйткені, *біріншіден*, бухгалтерлік баланс арқылы шаруашылық субъектісінің барлық қаражаттарының, олардың құрылу көздерінің құрылымын, түрін, көлемін анықтауға болады; *екіншіден*, баланс арқылы шаруашылық құралдары мен олардың құрылу көздерін талдауды ұйымдастыруға болады; *үшіншіден*, бухгалтерлік баланс – қаржылық есеп берудің ең бірінші құжаты; *төртіншіден*, бухгалтерлік баланс бухгалтерлік есептің дұрыс жүргізілуін анықтауға мүмкіндік береді.

Шаруашылық іс-әрекеттер әсерінен болатын
бухгалтерлік баланстағы өзгерістер

Өзгеру типтері	Актив		Пассив	
	Көбеюі	Азаюы	Көбеюі	Азаюы
I	+	-		
II			+	-
III	+		+	
IV		-		-

Тізім журналы

Опера ция күні, №	Операция мазмұны	Сомасы, теңге	Шоттар корреспонденциясы (проводка, транзакция, бух жазу)	
			Дебет	Кредит
1	Кассаға ағымдағы шоттан еңбек ақы төлеу үшін ақша түсті. (А+ А-)	280000	1010 (касса)	1030 (ағым шот)
2	Жұмыскерлердің еңбек ақысынан табыс салығы ұсталынды. (П+П-)	15100	3350 (еңбек ақы береш)	3120 (табыс сал береш)
3	Жабдықтау базасынан №48 шот-фактура бойынша қоймаға қосалқы бөлшектер түсті. (А+П+)	70000	1310 (запастар)	3310 (жабд берешек)
4	Жабдықтау базасына түскен қосалқы бөлшектер үшін ағымдағы шоттан ақша аударылды. (А-П-)	70000	3310 (жабд берешегі)	1030 (ағым шот)

1 өзгеру типі

Кассаға ағымдағы шоттан еңбек ақы төлеу үшін
ақша түсті. (A+ A-)

Касса
A+

Активті шот
схемасы
ДТ

Ағымдағы шот
A-

Активті шот
схемасы
КТ

2 өзгеру типі

Жұмыскерлердің еңбек ақысынан табыс салығы ұсталынды. (П+П-)

Еңбек ақы бойынша
кредиторлық берешек

П-

Пассивті шот
схемасы
ДТ

Табыс салығы бойынша
кредиторлық берешек

П+

Пассивті шот
схемасы
КТ

3 өзгеру типі

Жабдықтау базасынан №48 шот-фактура бойынша қоймаға қосалқы бөлшектер түсті. (А+П+)

Қосалқы бөлшек (запас)
А+

Активті шот
схемасы
ДТ

Жабд берешегі
П+

Пассивті шот схемасы
КТ

4 өзгеру типі

Жабдықтау базасына түскен қосалқы бөлшектер үшін ағымдағы шоттан ақша аударылды. (А-П-)

Жабдық кред берешегі
П-

Пассивті шот
схемасы
ДТ

Ағымдағы шот
А-

Активті шот схемасы
КТ

Бақылау сұрақтары:

- 1) Бухгалтерлік баланстың ролі мен мағынасы.
- 2) Бухгалтерлік баланстың түрлері.
- 3) Бухгалтерлік баланстың құрылымы мен мазмұны.
- 4) Шаруашылық операциялар әсерінен баланстың өзгеруі.